

ҚазҰУ – QS ЖҮЙЕСІНДЕ ҮШ ЖҰЛДЫЗДЫ УНИВЕРСИТЕТ



24 қазанда өткен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кезекті Ректорат мәжілісінде қара шаңырақтың тағы бір жетістігі жария етілді. ҚазҰУ – QS жүйесінде үш жұлдызды университетке айналып, тағы бір белесті бағындырды. Яғни ҚазҰУ QS Stars мәліметі бойынша, үш жұлдызды университет көрсеткішіне сай келген. Мұндай деңгейге жету үшін жоғары оқу орнының ғылыми зерттеу, жұмысқа орналасу, инфрақұралым, оқыту, халықаралық ынтымақтастық, инновация және әлеуметтік қолдау бағыттары басты сарапқа алынған. Жалпы QS жүйесінде білім ордалары жоғарыдағы талаптарға сай жинаған балдары бойынша бір, екі, үш, төрт және бес жұлдызды университет деп анықталады.

Бірінші проректордың баяндағанындай, QS жүйесінде үш жұлдызды университет атанып отырған ҚазҰУ алда төрт жұлдызды деңгейге жетуге ұмтылу қажет. Бұл орайда Қазақстанның көшбасшы университеті мамандандыру талабын барынша дамыту керек. Себебі сәйкес 1000 балдың 516 ұпайын жинаған білім ордасы жоғарыдағы талаптардан лайықты баға алып, мамандандыру бағыты жағын көтеруге міндеттелген. Бұл бағытты дамыту оқытушы-профессорлар

алдындағы үлкен жауапкершілік.

QS Stars анықтамасы бойынша, үш жұлдызды университет дегеніміз елінде жоғары абырой-беделге ие, халықаралық деңгейде белгілі бір дәрежеге көтерілген білім ордасы, сондай-ақ халықаралық деңгейде мойындалған және түлектері жұмыс берушілер тарапынан үлкен сұранысқа ие деген анықтамаға сай келеді. Бұл ректоратта айтылған үлкен жетістіктердің бірі. Бұдан өзге ректораттың күн тәртібінде

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Айгүл Ақтымбаеваның Академиялық үрдістің жеті апталық қорытындысы жайындағы ақпары, «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттік кампусы: тұрмыстық және әлеуметтік жағдайы» туралы Әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының директоры Гүлмира Әбдірайымованың ақпары, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бас жоспары жөнінде Өндірістік департаментінің директоры Мұрат Нұрғазинның хабарламасы тыңдалды. Сондай-ақ «Қазақстанның балама энергетикасы» ғылыми техникалық орталығы және «BoardCom» ЖШС-ны құру туралы Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабал Рамазанов ректорат мүшелерін таныстырып өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

20 октября в г. Алматы состоялось подписание Меморандума о взаимопонимании и сотрудничестве между представительством ООН в Казахстане и Казахским национальным университетом имени аль-Фараби.

КазНУ – ООН: Вектор сотрудничества

Торжественную церемонию открыл ректор КазНУ Галым Мутанов. В приветственной речи он отметил: «Подписание важного документа с представительством ООН является достижением независимости Казахстана, 20-летний юбилей которого мы отмечаем в этом году. Сотрудничество позволит университету активно участвовать в программах ООН, будет способствовать реализации огромного потенциала ученых и студентов КазНУ в деле решения общемировых проблем», - подчеркнул ректор.

В соответствии с подписанным соглашением, совместная деятельность сторон будет направлена на развитие науки, образования, культуры, проведение исследований в гуманитарной, социальной и экономической сферах. Большое внимание будет также уделяться вопросам развития человеческого капитала.

Меморандумом предусматривается проведение совместных научно-исследовательских проектов, привлечение в них молодых перспективных ученых, проведение конференций, круглых столов, симпозиумов по вопросам и направлениям сотрудничества, организация презентаций новых публикаций ООН. Кроме того, представители ООН будут читать лекции в КазНУ по актуальным проблемам современности, а студенты смогут проходить практику в подразделениях организации.

(Продолжение на 3 стр.)

ҰЛАҒАТ

АЛЫПТЫҢ АМАНАТЫ

Қазақ журналистикасының тарихы мен теориясы негізін қалаған тұлғалардың бірі профессор Тауман Аманосов. Үлкен ғалымның 90 жылдығына орай «Баспа ісі және БАҚ дизайны» кафедрасының ұйымдастыруымен журналистика факультетінде «Алыптың аманаты» аталатын апталық болып өтті.

17 қазан. Журналистика факультетінде Тауман Аманосовтың әріптестері дәріс оқыды. Студенттер қауымы Ш.Елеукенов, Т.Дүйсебаева, Ә.Ыдырысов, С.Қозыбаев, Ө.Әбдіманұлы, Ш.Нұрғожина, Д.Баялиева секілді ұлағатты ұстаз, ғалым-профессорлардан Аманосов туралы естелік әңгімелері мен ғибратты сәттерін тыңдады. Студенттер тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, еркін пікір алмасты.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖИЫН

Ел экономикасының бүгінгі мен болашағы сөз болды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың экономика және бизнес жоғары мектебінде қаржы кафедрасының оқытушылары жақында «Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығындағы қаржы жүйесі: жетістіктері және мәселелері» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық іргелі мерейтойына арналған дөңгелек үстелге оқу орнының оқытушы-профессорлар құрамымен қатар студенттер жиналды. Студенттердің экономикалық ой-өрісін кеңейтіп, білімін тереңдетіп, оқытушыларға таңдалған тақырыпта пікір алмасу мүмкіндіктерін беретін тағылымды шараларды өткізу қаржы кафедрасында дәстүрге айналған.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Жүндібайқызы тұғырлы тәуелсіздігіміздің мерейтойына жалынды тілегін жеткізіп, ОПҚ-ға және студенттер қауымына мемлекетіміздің бақытты азаматтары болуын тіледі. Одан кейін Баян Ермекбаева Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылында экономика саласында жеткен басты жетістіктерін атап, алда атқарылуы қажет ететін өткір мәселелерді қозғады. Сол

мақсаттарға қол жеткізуде бір кісідей аянбай еңбек етіп, жалықпай іздену қажет екенін баса айтты. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа Жолдауларында, Қазақстанның 2020 жылға стратегиялық даму жоспарында көзделген шаралар кеңінен жүзеге асырылуы үшін еліміздегі кейбір заңнамаларға өзгерістер енгізу қажет екенін, экономикалық сектордың қайбір салаларында инновация шарттарын, жаһандану және экономикалық қауіпсіздік шарттарын ескере отырып реформалар жүргізу қажеттігі туындап отырғанын тілге тиек етті.

Одан кейін академик, э.ғ.д., профессор С. Сатыбалдин «Ұлттық валюта үстінен халықаралық есеп жүргізудің қажеттігі» деген тақырыпта баяндама жасап, өз ойын ортаға салды. Ілгеріде елбасы Еуразия елдеріне ортақ валютаны енгізу қажет



екендігі жөнінде өз идеясын ұсынған болатын. Қазіргі бірыңғай экономикалық аймақ құру жағдайында Кедендік одақ мүшелері арасында ортақ валютаның қабылдануы қажеттігі туындап отырғанын түсіндірген академик С.Сатыбалдин ортақ валютаны енгізудің артықшылықтары мен кемшіліктерін жан-жақты саралап айту нәтижесінде қызу да қызықты әңгіме өрбіді.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚазҰУ – QS ЖҮЙЕСІНДЕ ҮШ ЖҮЛДЫЗДЫ УНИВЕРСИТЕТ

(Басы 1-бетте)

Ресми ақпараттармен қатар ректорат мәжілісі тың жаңалықтар мен қуанышты хабарларға ұласты. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттерге арнайы тағайындалған шәкіртақыны ұсынды. Факультеттің 11 студентіне бұйырған мұндай шәкіртақылар академиктер Зейнолла Қабдолов, Мая Бағысбаева және Михайл Семенович атындағы шәкіртақылар мен факультеттегі кафедралар тарапынан тағайындалып отыр. Бұл әрине ұлттық зерттеу университетіне айналуға жасалынып жатқан игі дәстүрлердің бірегейі. Осы орайда ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Қоғамымыздың гүлденуі

және заманымыздың тұрақты болуы – жастардың қолында. Осы бағытта үздік студенттерге, әлеуметтік қамтылуы төмен білімгерлерге қолдау таныту үлкен жауапты іс. Мұндай қолдаулар арқылы біз болашағымыздың кемелденуіне кепіл боламыз», - деп мұндай игі істердің жалғасын табуы керектігіне тоқталды. Университетте жүздеген арнайы аталымдық шәкіртақы болса, солардың санын арттырып, студенттерге қолдау көрсетуді дамыта түсуге шақырды. Сондай-ақ, «әл-Фараби» ғылыми орталығының директоры Жақыпбек Алтаев философия мамандығының 3 курс студенті Әбдіғалпарова Ғалияға Ағын Хайроллаұлы Қасымжанов атындағы шәкіртақыны табыстады. Игі істермен толысқан ректорат мәжілісінде бұдан өзге қара шаңыраққа

келген мақтау қағаздары мен алғыс хаттарды Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбаева табыс етті.

Бұл күні өткен ректорат мәжілісінде әдеттегідей, ҚазҰУ, факультет және ҒЗИ араларындағы үшжақты келісімшарттарға қол қою рәсімі де болып өтті. Ол келісімдерге сәйкес болашақта қара шаңырақпен «Лингвист-эксперттердің Сібір ассоциациясы» басқармасы, Сібір Федералды университетінің Заң институты, Экономика институты, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры бірлесе жұмыс істейтін болды. Аталмыш құжаттар екі жақты әріптестікті нығайтып, ғылыми зерттеулерді дамыта түспек.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ҰЛАҒАТ

АЛЫПТЫҢ АМАНАТЫ

(Басы 1-бетте)

18 қазан. Амандосов шәкірттерінің алды бүгінде белгілі елтұтқасын ұстаған жандар. Бұл күнгі жүздесу тау тұлғаның ұрпаққа үлгілі шәкірттерімен жалғасты. Олар «Қазақ энциклопедиясының» бас директоры Б. Жақып, «Түркістан» газетінің бас редакторы Ш. Паттеев, «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қ. Сәрсенбек, «Жас өркен» ЖШС директоры Ж. Қорғасбектер еді. Олар студенттерге ұстаздарының ұстаздық қызметі жайында терең мазмұнға толы естеліктер айтты.

19 қазан. Сәрсенбінің сәтті күнінде Т. Амандосовқа арналған жыр мүшәйрасы профессор Т. Қожекев атындағы акті залында өтті. Тарих, филология, журналистика факультеттерінен келген жас ақындар 90 жылдық мерейтой иесіне арнап, жауһар жырларын қазылар алқасы алдында оқыды.

20 қазан. Ғалым-ұстаздың ұрпақтарымен кездесу де апталықтан қалыс қалмапты. Т. Амандосовтың туған-туыс, жақын-жолдас, өз ұрпақтары бұл күні тегіс жиналды. Барлығы да тау тұлғалы азаматтың атқарған үлкен істерін еріксіз еске алады. Сондай-ақ, бұл күні «Алыптың аманаты» атты Амандосов рухына арналған студенттердің жыр мүшәйрасы қорытындыланды.

21 қазан. Қасиетті жұма күні тұлғаның ұрпақтары және қонақтары, университет оқытушылары мен студенттері Т. Амандосов қабірі басына университет тарапынан бөлінген автобуспен барып, гүл шоқтарын қойып, құран бағыштап қайтты.

22 қазан. «Амандосов рухымен алты күн» апталығы қорытындыланды. Бұл күні арнайы ұйымдастырылған концертте студенттер өнерлерін ортаға салып, тау тұлғаның рухына тағзым етті. Апталық басшылық тарапынан жоғары бағаға ие болғаны айта кету керек. Ал ең негізгісі – өскелең ұрпақ, болашақ маман біздер үшін бұл аптаның рухани әсері өте зор болды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
«Баспа ісі және БАҚ дизайны»
кафедрасының 1 курс студенті

ШАРА

Қазақ ғарыштық зерттеулерінің негізін қалаған ғалымға дәрісхана аты берілді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде белгілі математик, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстандағы сәулеленудің тасымалдау теориясы ғылыми мектебінің негізін салушы Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы дәрісхана ашылды.

Қазақ ғарыштық зерттеулерінің негізін қалаушы ғалымның атына арналған оқу аудиториясының ашылуына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Кенжағали Сағадиев, ғалымның жары Райхан Ғайниқызы, «Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің төрайымы Асылы Осман, математик ғалымдар мен факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы және студенттері қатысты. Онда соңынан өшпес мұра қалдырып, қазақ математика ғылымының дамуына зор еңбек сіңірген ғалымның қайраткерлігі мен ғылым жолы туралы естеліктер айтылды. «Біртуар ғалым, академик Өмірзақ Сұлтанғазин көзі тірі болса, 75 жасын тойлар еді. Алайда ғалымның аты да, хаты да өлген жоқ. Айтулы ғалым туыстарының арасында, ғылымда және қоғамда мәңгі ұмытылмас ерекшелігімен насихаттала береді. Математиктің ғылымға сіңірген өшпес мұрасын дәріптеп, айтып, жалғастырып отыру үшін осы аудиторияны сол кісіге арнап отырмыз», - дейді ректор Ғалым Мұтанов.

Өмірзақ Сұлтанғазиннің 75 жылдығы қарсаңында және аудиторияның ашылуына орайластырылып, «Өнегелі өмір» сериясымен ғалымның өмір жолы мен ғылыми мұрасы жинақталып арнайы жарық көрген кітабының тұсауы кесілді. Ғылымға өлшеусіз ұс қосқан ғалымдарды насихаттауға арналып, университет баспасынан арнайы сериямен жарық көріп отырған алтыншы кітапта Өмірзақ Махмұтұлының өмірі, ғылым жолы, еңбектері, академик жайындағы замандастарының естеліктері жарияланған.



«Рухани қазынамызды жинап, оны жас ұрпақтарға жеткізуде мұндай игі істердің орны ерекше. Өмірзақ Сұлтанғазин Қаныш Сәтбаев сияқты ерекше құбылыс. Ол қазақ ғылымын әлемдік деңгейде танытқан ғалым. Шетелдік ғалымдар оны «өлем санлағы» деп мойындаған. Ғалым әлемдік деңгейде математика саласында дәріс оқыған. Жапонияда оны «үлкен ғылыми істер бастамасы» деп атаса, Франция елі «мәңгі ізденістерге» теңеген. Бүгінде біз ғарыштық жетістіктер арқылы ауа райын болжау сияқты мүмкіндіктерге жетіп отырмыз. Ал оның бәрін дамытушы, қазақ қолданбалы математика ғылымының негізін салушы, Ғарыш институтын ашқан – Өмірзақ Сұлтанғазин», - деп жиналғандар ғалымның толағай еңбектерін егжей-тегжейлі атап өтті.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ТАЛҚЫ

Ел экономикасының бүгінгі мен болашағы сөз болды

(Басы 1-бетте)

Қаржы кафедрасының профессоры, э.ғ.д. В.Д. Ли «Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің жұмыс істеуіндегі кейбір мәселелер» деген тақырыпта баяндама жасап, бүгінгі қаржы жүйесінің реформалауды қажет ететін бірнеше тұстарын атады. Профессордың айтуынша, Қазақстанға қаржы жүйесінің «жаңа архитектурасын» құруы керектігін, әсіресе елдегі қор нарығының экономиканың нақты секторымен етене жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шараларды зерттеп, енгізу қажеттігін, қазіргі бюджеттік

үдерістің, бюджетаралық қатынастардың шикілігін жойып, мемлекеттен берілген трансферттерге нақты тұтынушы қол жеткізе алатын жағдайларды жасауды ұсынып, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің тиімділігін арттыратын шараларды нығайтудың уақыты келгендігін мәлімдеді. Ал қаржы кафедрасының профессоры, э.ғ.д. М. Тінәсілов «Қазақстан Республикасында дағдарыс жағдайында қаржы жүйесін дамыту мәселелері» атты тақырыпты таратты. Профессор әлемдік қаржы дағдарысының бастамасы неден болғанын, қандай факторлар әсер еткенін

атап өтіп, сол дағдарыстан шығу мақсатында мемлекет тарапынан ел экономикасын жандандыруға жұмсалғанын қыруар қаржылық көмек, әлеуметтік жағдайды қолдауда жүргізілген шаралар тізімін мысалға келтіріп, қаржы дағдарысымен күрес оң нәтиже бергенін баяндап берді. Сонымен қатар профессор әлемдегі экономист ғалымдардың 2012 жылға болжап отырған қаржылық дағдарыстың екінші толқыны жайында өз көзқарасын жеткізді. Оқытушылар мен студенттер арасында болуы мүмкін қаржылық дағдарыс және оның алдын алу, мәселелерін шешу шаралары жөнінде әңгіме өрбітті.

Дөңгелек үстел аясындағы тақырыптардың өзектілігі мен кеңдігі сондай – шараға баяндамашылардан басқа өз пікірін білдіріп, сөз алғандар қатары көптеп саналды. Қаржы кафедрасының профессорлары Н.Н. Хамитов, Б.К. Қазбеков, Р.К. Сағиева, С.О. Өсербайұлы, Е.Б. Жатқанбаевтар өз ойларын ортаға салып, өзекті мәселелерді қозғап, олардың болашақтағы шешіміне байланысты ұсыныстарын айтты. Студенттер де өздерінің бүгінгі экономикалық жағдайға барынша қанық екенін, ондағы өзгерістерге бейжай қарамайтындығын байқатып, университет қабырғасында

білімдерін тереңдетіп жатқанын көрсетті.

Дөңгелек үстел тақырыбын қызу талқылау межесіне жеткенде шара модераторы, э.ғ.д., профессор М.С. Төлегенова отырысты қорытындылап қатысушыларға ризашылық білдіріп, студенттерге білімдерін осы бағытта әрі қарай шыңдай беруіне тілектестігін жеткізді. Оқытушылар мен студенттер арасындағы диалогтарды қызу талқылау аудитория сыртында да жалғасын тауып жатты.

Райгүл ДОСЖАН,
қаржы кафедрасының
оқытушысы

Нобель сыйлығы иегерінің кеудемүсіні ашылды

19 қазан күні химия және химиялық технология факультетінде екі әртүрлі саладан Нобель сыйлығын иеленген әлем тарихындағы жалғыз әйел Мария Складовская-Кюри атындағы зертхана мен дәрісхана және ғалымның кеудемүсіні ашылды. Оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Алматыдағы Польша мемлекетінің бас консулы Веслав Осуховский, Поляк Химия Қоғамының президенті, профессор Богуслав Бушевский, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов және сондай-ақ факультет оқытушылары мен студенттері қатысты.



Тұсаукесерде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Химия саласы бойынша Мария Кюридің Нобель сыйлығын алғанына 100 жыл толды. Сол себепті, БҰҰ 2011 жылды «Халықаралық химия жылы және Мария Кюри жылы» деп жариялап отыр. Ол - әртүрлі академиялардың, ғылыми орталықтардың және ғылыми қоғамдардың қадірлі мүшесі болып таңдалған әлем әйелдерінің ішіндегі ең үздік ғалымы. Ол - радиоактивтілік және радиация құбылыстарын ең алғаш ашқан адам. Ғылым мен білім - шекараны білмейді. лемдік деңгейде, ЮНЕСКО төңірегінде ұйымдастырылып жатқан іс-шараның біздің университетімізде болып жатқандығы біз үшін өте үлкен мәртебе болып табылады», - деді. Ал Серік Тұрарұлы: «Екі мәрте Нобель сыйлығына ие болған ғалымның атындағы зертхана, дәрісхана және бюстің ашылуы қазақ химиктерінің арасынан тұңғыш Нобель сыйлығының иегерлерін шығаруды қалыптастырар», - деген үміт білдірді. Сондай-ақ, Мария Кюридің ашқан жаңалықтарымен Алматыдағы Польша мемлекетінің бас консулы Веслав Осуховский, Поляк Химия қоғамының президенті де бөлісті. Сонымен қатар кештің құрметті қонағы профессор Б. Бушевскийдің қазақ еліне деген, оның ішінде қара шаңыраққа деген ерекше илтипаты байқалды. Ол өз сөзінде «Әйел - нәзіктіктің символы, барлық әлемнің анасы болып табылады. Мария Кюридің ерекшелігі, ол, ең алдымен, физиканың жалғыз ғалымы, Сорбонн университетінің бірінші

профессоры. Кюри туралы естеліктерінде Эйнштейн: «Өзінің жеткен жетістіктеріне қарамастан ол өте қарапайым, ақылды адам болатын» деген. Осы әйелдің еңбегінің нәтижесінде Польша мен Қазақстан арасында тығыз қарым-қатынас жасалды», - деген ой айтып, Мария Кюри тек Польшаның емес әлемнің ғалымы деген пікірін жеткізді.

Мария Кюри 1903 жылы физикадан Нобель сыйлығын иеленіп, 1911 жылы химия саласы бойынша екінші рет Нобель сыйлығын алған. Ол жаңа радиий және полоний элементтерін ашқан. Оның ашқан жаңалықтарының арқасында материяның құрылыстары туралы ескі көзқарастар бұзылып, жаңа атомның күрделілігі туралы ілімдер пайда болды.

Радиация құбылыстарының Қазақстанға өте жақсы таныс екені белгілі. Мемлекет аумағында Семей полигоны, уран кеніштері және т.б. радиациялық мекемелер бар. Оның экологиялық салдарлары біздің мемлекетте ең бірінші әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың радиациондық экология зертханасында профессор М.М. Бүркітбаевтың жетекшілігімен қолға алынды. Ғылыми жұмыстар НАТО «Әлем ғылым атымен», МНТЦ және тағы басқа қорлардың гранттарымен жүргізілді. Сондықтан да Мария Складовская-Кюри атындағы шараларға ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология

факультеті таңдалып алынды.

Поляк Химия Қоғамының президенті, профессор Б.Бушевский жаңадан ашылған игіліктер тудыратынын, ғылымға зор демеу болатынын айтып, сол мүмкіндікті тудырып отырған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановқа зор алғысын білдірді. Сондай-ақ ректорға Мария Складовская-Кюри атындағы медальді табыс етті. Мұндай марапатқа Алматыдағы Польша мемлекетінің бас консулы Веслав Осуховский, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов та ие болды.

PS. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Польша оқу орындары арасындағы әріптестік 1991 жылдан бастау алады. 1998 жылы ғылым және мәдениет саласындағы әріптестік бойынша келісімшарт жасалса, 2006 жылы барлық зерттеу университеттерімен әріптестік келісіміне қол қойылды. 90-жылдары халықаралық қатынастар факультетінің оқытушылары Польшада бірнеше жыл қатарынан өтілімнен өтіп, білімін жетілдіріп қайтты. Олардың арасында Стефан Батори атындағы стипендияның иегерлері профессор М.Губайдулина, С.Сапанов және тағы басқалар бар.

Жайнар КАКИРОВА,
география және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс студенті

КазНУ – ООН: вектор сотрудничества

(Начало на 1 стр.)

Во время встречи постоянный координатор ООН в Казахстане Стивен Тулл поблагодарил ректора и студентов за теплый прием и поздравил коллектив ведущего вуза страны с принятием в программу ООН «Академическое влияние». «Подписание меморандума станет отправной точкой взаимного сотрудничества в деле продвижения принципов авторитетной международной организации. Мы рассчитываем на молодое поколение в решении глобальных проблем, волнующих все человечество», - отметил С.Тулл.

Важно отметить, что в 2011 году Казахский национальный университет имени аль-Фараби стал единственным вузом страны - участником программы Организации Объединенных Наций «Академическое влияние». Это глобальная инициатива ООН, которая объединяет свыше 500 вузов из более 90 государств мира с целью активной поддержки десяти всемирно признанных принципов, касающихся прав человека, грамотности, устойчивого развития, разрешения конфликтов и сохранения мира, межкультурного диалога.

Во время мероприятия было продемонстрировано видеообращение к молодежи Генерального секретаря ООН Пан Ги Муна. После подписания меморандума в ходе живого общения С.Тулл ответил на интересующие студентов вопросы.

В завершение встречи студенты КазНУ на шести официальных языках ООН озвучили свои пожелания о поддержке науки и образования Генеральному секретарю ООН Пан Ги Муну и передали их специальным письмом через С.Тулла.

Соб.кorr.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

2011

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

«ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ»

17-20 қазан 2011

КИТАЙ В ФОТОГРАФИЯХ



В КазНУ им. аль-Фараби открылась фотовыставка «Обзор века – в память 100-летней годовщины Синьхайской революции». В церемонии торжественного открытия экспозиции фоторабот приняли участие первый проректор университета Мухамбеткали Буркитбаев и Генеральный консул КНР в Алматы г-жа Ду Дэвэнь, преподаватели и студенты факультетов международных отношений и востоковедения.

Выставка приурочена 100-летию Синьхайской революции, положившей начало образованию КНР и оказавшей огромное влияние на социально-экономическое и политическое развитие Китая в новом и новейшем времени.

«Фотовыставка дает зрителям уникальную возможность познакомиться с Китаем, его историей и современностью, ближе узнать жизнь китайского народа. 60 фоторабот рассказывают о великой революции, развитии Китая и его достижениях. Мы благодарим руководство и коллектив КазНУ им. аль-Фараби за поддержку и предоставленную возможность проведения выставки», -

отметила в выступлении Генеральный консул Ду Дэвэнь.

В 1911 году в Китае вспыхнуло масштабное вооруженное восстание, которое свергло феодальную династию Цин, положило конец самодержавной монархии. Это событие по китайскому лунному календарю произошло в год «Синьхай» и поэтому его называют «Синьхайской революцией».

«Эта революция оказала огромное влияние на развитие общества Китая. Она проложила китайскому народу путь к достижению свободы и национальному возрождению, принесла передовые идеи. Это мы видим на фотографиях. КазНУ активно сотрудничает с вузами КНР, у нас работает институт Конфуция, осуществляются совместные проекты и академический обмен студентами. Фотовыставка еще один шаг в укреплении взаимовыгодного сотрудничества», - подчеркнул первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев.

Между КазНУ и ведущими университетами КНР подписано 18 соглашений о сотрудничестве и меморандумов о взаимопонимании в сфере науки и образования. За последние два года 23 преподавателя, 10 PhD докторантов, 12 магистрантов и 95 студентов прошли стажировку, приняли участие в научных семинарах и конференциях в Китае.

Выставка будет работать в фойе административного здания университета с 24 по 30 октября.

Соб.кorp.



СІЗ, 12 ТІЛ БІЛЕ СІЗ БЕ?..

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті шығыстану мамандығының 4-курс студенті Нематулла Наджмуддин ана тілін есептегенде, түрік, ағылшын, пуштун, өзбек, тәжік, дарий, парсы, урду, хинди, араб, орыс тілдерінде еркін сөйлейді.

Бастауыш сыныпты Түркияда оқып, түрік тілін меңгерген. Сонымен қатар Түркияда халықаралық қазақ-түрік лицейінде ағылшын тілін тереңдетіп оқыған. Кейіннен Ауғанстанда білім алып, осы мемлекетте пуштун, өзбек, тәжік, дарий тілдерін үйренген. Иранда тұрып парсы тілін, Пәкстанда урду, хинди тілдерін еш қиындықсыз меңгерген. Шет мемлекеттерде жүрсе де әрқашан өз Отаны туралы көп ізденіп, көп оқыған жерлесіміз Отанына келіп білім алуы жөн көріп 2004 жылы қазақ жеріне ат басын тірейді. Алматы қаласына келіп әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіне құжат тапсырып, араб тіліне түскен. Осы таңда шығыстану факультетінің мақтаншына айналғаны отырған студент БҰҰ-да араб, парсы, пуштун, түрік, қазақ тілдерінен ағылшын тіліне аударумен айналысады. Ауған азаматтарының сот процестерінде пуштун тілінің аудармашысы ретінде жұмыс істеген.

1-курста жүріп-ақ оқуға қадамын жаңа басқанына қарамай 2009 жылы парсы тілінен мемлекеттік олимпиадада 1-ші орынға ие болған. Сонымен қатар Қазақ ұлттық гимназиясында алты ай жоғарғы сыныптарға ағылшын тілі пәні бойынша сабақ берген. Қолы бос уақытында парсы тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен парсы тіліне көптеген шығарманы аударумен айналысады.

Нематулланың алдына қойған мақсаттары ерекше. Болашақта өзі білетін тілдермен шектеліп қоймай тания, қавия сияқты тілдерді үйренбекші. Оқуды аяқтағаннан кейін бірнеше жыл университетте қалып, шығыстану факультетіне тағы бір шығыс тілін пуштун тілінің (Ауғанстан тілі) қосылуына өз үлесін қоссам деген ниеті бар. БҰҰ-да жұмысын жалғастыра отырып, шығармашылықпен және көркем әдебиетті аударумен айналысу да ойында бар.

Шығыстану факультетінде, тек факультетте ғана емес, қазақ жерінде осындай ізденімпаз, зерек, ұлтжанды адамның болуын біз мақтан тұтамыз, сонымен қатар «өнерін өрге жүзсін» дей отырып, алға қойған мақсатына жете беруіне тілектеспіз.

Самал АМАНГЕЛДІ,
шығыстану факультетінің
2-курс студенті

СЕМИНАР

Жаңа электронды құрылғының мүмкіндіктері таныстырылды

20 қазан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дене шынықтыру және спорт кафедрасында география және табиғатты пайдалану факультетінің туризм кафедрасымен және ҚР спорттық бағдарлау Федерациясы бірлесе отырып ұйымдастырумен электронды белгі қоюға арналған SPORIdent (Германия) құрылғысының және Winorienta (Россия) бағдарламасының мүмкіндіктерін көрсетуге арналған халықаралық тәжірибелік семинар басталды.

Екі күнге созылатын бұл семинар барысында SPORIdent құрылғысының және Winorienta бағдарламасының қалай жұмыс істейтіндігі таныстырылды. Ол жұмыс барысында тексеріліп, дене шынықтыру және спорт кафедрасы студенттерінің пайдалануы арқылы саптамадан өткізілді. Осыған орай ҚазҰУ қалашығы территориясында арнайы бағдарлама жасалып, бұл құрылғылар сапасы жағынан да сынға түсті.

Германиялық SPORIdent құрылғысының және ресейлік Winorienta бағдарламасының ерекшелігі спорттық сайыстарда қатысушыларға әділ-қазыларсыз старт командасы беріліп, қатысушылардың қанша уақыт аралығында қандай арақашықтықты меңгергені, әрбір станцияны қалай өткендігі автоматты түрде тіркеліп, қағаз түрінде басып беру мүмкіндігіне ие. Чип түріндегі бұл құрылғының әрбір азаматқа берілетін белгіленген нөмірі де бар.

Еңлік АҚЖІГТ

ҚАБІЛЕТТІЛІК

ҚАЗАҚ ХИМИКТЕРІ РЕСЕЙДЕ МАМАНДАНЫП ЖАТЫР



Химия және химиялық технология факультетінің студенттері Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институтында (техникалық университеті) білім алуа.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған биылғы жылғы Жолдауында: «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», - деп айтқанын білеміз.

Университетіміздің Ғылыми кеңесінде ректор Ғалым Мұтанов қолданбалы және фундаменталды зерттеулерді кеңейту, жетекші білім бағдарламалары мен технологияларды дамыту, халықаралық білім беру бағдарламаларымен қоса, қос диплом беру бағдарламасын дамыту туралы ойын жеткізді. Алға қойылған жоспарларды жүзеге асыру мақсатында қазіргі таңда екі дипломдық бағдарлама бойынша химия және химиялық технология факультеті «Физикалық химия, катализ және

мұнайхимиясы» кафедрасының 3-курс ОЗХТ мамандығы бойынша 5 студент (С.Уйтқыбаева, У.Усенов, А.Жайкенова, Д.Туркменова, А.Шенсизбаева), БЗХТ мамандығы бойынша 6 студент (В.Ким, И.Минюхина, С.Оржанова, Ю.Усманова, Д.Ли, С.Абдрахманова) Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институтында (техникалық университеті) екі жақты келісімшартқа отырып, қыркүйек айынан бастап білім алуа.

Екі дипломдық білім алу үшін әр студент-бакалаврға келешекте өнеркәсіп жетекшісі бола алатындай мақсатта жеке жоспар жасалды. Әрқайсысы ғылыми және білім алу бағытында жеке жоспарлары бойынша жұмыс жасауда.

Білім алып жатқан студенттер университетіміздің ректоры Ғалым Мұтанулына үлкен алғыстарын білдіруде.

Өз тілшімізден

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Еңлік АҚЖІГТ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10636

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік бетпен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.